

**Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің минералдық тыңайтқыштарды сатып алуын мемлекеттік субсидиялаудың 2001 жылға арналған ережесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2001 жылғы 17 шілде N 968

"2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Z000131\_ Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру және отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің минералдық тыңайтқыштармен қамтамасыз етілуін қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің минералдық тыңайтқыштарды сатып алуын мемлекеттік субсидиялаудың 2001 жылға арналған ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі:

Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігімен бірлесе отырып отандық зауыттар өндірген және олар 2001 жылы отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге сататын субсидиялануға тиісті минералдық тыңайтқыштардың ассортименті мен көлемін айқындасын және бекітсін;

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігімен келісе отырып субсидияланатын минералдық тыңайтқыштардың әр түрі бойынша 1 (бір) тоннасының 2001 жылға арналған ең жоғарғы сату құнын белгілесін;

субсидияланатын минералдық тыңайтқыштардың әр түрі бойынша 1 (бір)

тоннасына 2001 жылға арналған субсидия мөлшерін белгілесін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Д.К. Ахметовке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2001 жылғы 17 шілдедегі  
N 968 қаулысымен

## бекітілген

# Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің минералдық тыңайтқыштарды сатып алуын мемлекеттік субсидиялаудың 2001 жылға арналған ережесі

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы ереже 2001 жылға арналған республикалық бюджеттен Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне (бұдан әрі - Ауылшармині) 45 "Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің минералдық тыңайтқыштарды сатып алуын субсидиялау" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен және шегінде отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің минералдық тыңайтқыштарды сатып алуын мемлекеттік субсидиялаудың жалпы шарттары мен тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік субсидия минералдық тыңайтқыштар өндіруші отандық зауыттардан (бұдан әрі - Зауыттар) отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер сатып алатын минералдық тыңайтқыштардың құнын ішінара өтуге арналған.

3. Зауыттар өндірген және олар отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге сататын минералдық тыңайтқыштардың субсидиялауға жататын ассортименті мен көлемін Ауылшармині мен Қазақстан республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі бірлесе отырып айқындайды.

4. Мемлекеттік субсидия Зауыттарға, жоспарланған егіс алқабына енгізудің ғылыми негізделген нормаларына сәйкес және 2001 жылға арналған республикалық бюджетте отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің минералдық тыңайтқыштарды сатып алуын субсидиялауға көзделген қаражат мөлшерін есепке ала отырып, Ауылшармині облыстардың қимасында және минералдық тыңайтқыштардың түрлері бойынша әр Зауытқа белгіленетін көлем шегінде отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер нақты сатып алған минералдық тыңайтқыштар үшін төленеді.

Ауылшармині әр Зауытпен арзандатылған минералдық тыңайтқыштардың өндірілгені және белгіленгені көлем шегінде отандық, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге сатылғаны туралы шарт жасасады.

5. Зауыттар арзандатылған минералдық тыңайтқыштарды отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге Ауылшармині Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігімен (бұдан әрі - Агенттік) келісім бойынша белгілеген бағадан аспайтын және 1 (бір) тоннаға төленетін қаржыландыру мөлшеріне азайтылған баға

бойынша дербес немесе Зауыттар уәкілеттік берген облыстардағы минералдық тыңайтқыштарды сату жөніндегі өкілдері (бұдан әрі - Өкіл) арқылы сатады.

1 (бір) тоннаға бөлінетін субсидия мөлшерін Ауылшармині субсидияланатын минералдық тыңайтқыштардың әр түрі бойынша есептейді және минералдық тыңайтқыштардың бір тоннасының орташа құнының 40 пайызға дейінгі шегінде бекітеді.

Зауыт Өкілмен Ауылшармині бекіткен нысан бойынша отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге арзандатылған бағамен минералдық тыңайтқыштар сатуға шарт жасасады.

6. Отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің минералдық тыңайтқыштарды Зауыттан да, Өкілден де сатып алуына құқығы бар.

7. Зауыт немесе Өкіл арзандатылған минералдық тыңайтқыштарды ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге сатуды облыс әкімінің ауыл шаруашылығы департаменті (басқармасы) айқындаған, Ауылшарминінің аумақтық басқармаларымен келісілген және Ауылшармині бекіткен тізбе бойынша белгіленген көлем шегінде жүзеге асырады.

## 2. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тізбесін айқындау және субсидияларды төлеудің тәртібі

8. Арзандатылған минералдық тыңайтқыштар өсімдік шаруашылығы өнімін өндіру үшін қызметі жерді пайдаланумен байланысты ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге сатылады.

9. Арзандатылған минералдық тыңайтқыштар сатып алғысы келетін отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші мынадай құжаттарды:

Ауылшармині бекіткен нысан бойынша өтінімді;

салық қызметі органынан ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші қосымша құн салығын немесе бірыңғай жер салығын төлеуші болып табылатынын растайтын анықтаманы;

жерді пайдалану актісінің нотариалдық куәландырылған көшірмесін тапсыру арқылы облыс әкімінің ауыл шаруашылығы департаментіне (басқармасына) өтініш жасайды.

10. Облыс әкімінің ауыл шаруашылығы департаменті (басқармасы) арзандатылған минералдық тыңайтқыштарды сатып алуға құқығы бар отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тізбесіне бірінші кезекте:

бюджет алдында қарызы жоқ ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді;

шаруа(фермерлік) қожалықтарын енгізеді.

11. Арзандатылған минералдық тыңайтқыштарды сатып алуға құқығы бар отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің түпкілікті тізбесін облыс әкімінің ауыл

шаруашылығы департаменті (басқармасы) Ауылшарминінің аумақтық басқармасымен келіседі және Ауылшарминіне тапсырады.

Ауылшармині көрсетілген тізбені қарайды және бекітеді және оны Зауыттарға жібереді.

12. Зауыттар тікелей немесе Өкілдері арқылы отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілермен арзандатылған минералдық тыңайтқыштарды жеткізуге (тиеп жөнелту) шарт жасасады, онда басқармалармен қоса отандық тауар өндірушілердің өсімдік өнімін өндіруге оларды пайдалануының шарттары айтылады.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші арзандатылған минералдық тыңайтқыштарды сатып алудан бас тартқан жағдайда, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің бекітілген тізбесі мен облыс бойынша белгіленген көлемге өзгерістер енгізілуі мүмкін.

Арзандатылған минералдық тыңайтқыштардың әр облыс бойынша белгіленген көлеміне өзгерістерді Ауылшармині енгізеді. Өзгертілген көлемдердің негізінде ауыл шаруашылығы департаменті (басқармасы) Ауылшарминінің аумақтық басқармаларымен келісім бойынша арзандатылған минералдық тыңайтқыштар алуға құқылы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тізбесіне түзетулер енгізеді. Минералдық тыңайтқыштарды алу фактісі бойынша Зауыттың (Өкілдің), ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің және Ауылшарминінің аумақтық басқармасының арасында Ауылшармині бекіткен нысан бойынша үшжақты актіге қол қойылады.

13. Субсидия алу үшін Зауыт ай сайын келесі айдың 15-күніне, бірақ 2001 жылғы 15 желтоқсанның кешіктірмей Ауылшарминіне мынадай құжаттарды:

минералдық тыңайтқыштарды сатып алу-сату шартының түпнұсқасын;  
субсидияланған минералдық тыңайтқыштарды жеткізу туралы актіні тапсырады.

Ауылшармині ұсынылған мәліметтерді тексереді және республикалық бюджеттен қаражаттың түсуіне қарай белгіленген тәртіппен Зауыттың шотына ақша аударады.

14. Ауылшармині Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органына мынадай құжаттарды:

арзандатылған минералдық тыңайтқыштардың өндірілгені және белгіленген көлем шегінде отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге сатылғаны туралы Зауыттармен жасалған шарттарды;

Ауылшарминінің Зауыттың шотына қаражат аударуға арналған өтінімін тапсырады.

15. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер алған арзандатылған

минералдық тыңайтқыштарды мақсатты пайдалануы Ауылшармині бекіткен нысандағы актімен расталады.

Арзандатылған минералдық тыңайтқыштар мақсатсыз пайдаланылған

жағдайда, ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді субсидиялау мен несиелендіру жөніндегі басқа да бюджеттік бағдарламаларға қатысу мүмкіндігінен айырылады және субсидияның толық сомасын республикалық бюджетке қайтаруды жүргізуге міндетті.

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Икебаева Ә.Ж.